

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
әдістемелік бірлестігінің отырысы

№1 хаттамасы

25.08.2022ж.

Қатысқандар: 9

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2022-2023 оқу жылының мақсаттары мен міндеттері.
2. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды даярлау, бекіту. ҚР Білім Министрлігінің 2022-2023 ж. әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру; бірыңғай талаптар, мұғалімдерді жүктемесімен таныстыру;
3. Жүктеме сағаттарды бөлу. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын құру.
4. «Оқушының бойында құндылықты бағалай білу қасиетін дамытудың жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі 2022-2023 оқу жылының мақсатымен міндеттері туралы түсіндіріп өтті.

Екінші мәселе бойынша Әдістемелік бірлестік жетекшісі Ф.К.Керимбекова 2022-2023 оқу жылындағы ӘБ жұмысына талдау жасап, «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатпен таныстырып өтті. Жаңа оқу жылының әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспары талқыланды.

2020ж 6 сәуірдегі №130 , №472 бұйрықтағы талаптар туралы айта келіп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.27.08. № 382 бұйрығымен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша мұғалімдердің бөлінген апталық жүктеме сағаттарымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хат бойынша стандартқа сай әр пән мұғалімі 1,5 жүктемелік сағаттан артық алуға болмайтынын ескертті.

Әдістеме бірлестік жетекшісі Керимбекова Ф.К. өз сөзінде мамандардың жетіспеушілігіне байланысты 1,5 жүктеме сағатынан артық берілгіндігін және тарифтелетінін айтып өтті. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері: Керимбекова Ф.К, Смаилова Ж.Е, Тажибаева А.П. сөз алып жүктеме сағаты

1,5 сағаттан артық екенін және осы жүктемемен білім сапасын сапалы етіп көтеретініне тоқталды.

Әдістеме бірлестік жетекшісі Керимбекова Ф.К. өз сөзінде ваканциядағы сағаттар қайта орнына қойылатынын да ескертіп өтті.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері дөңгелек үстелде көптеген мәселелерді талқылады.

Атап айтсақ, Смайлова Ж.Е мен Қалдарбек Ә.Б бала бойында ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызды:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- үйірмелерге қатысу;
- саяхат жасау.

Шешімі:

1. 01.09.2022ж. мұғалімдердің жүктемесі тарифтелінсін.
2. Артық сағат жүктемесі ваканцияға берілсін.
3. Жүктеме сағаттарды бөлініп, 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Жас ұрпақ тәрбиесінде ұлттық, рухани құндылықтарды бағалай білу қасиетін дамыту жүзеге асырылсын.

Бірлестік жетекшісі: Ф.К. Керимбекова

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні

әдістемелік бірлестігінің отырысы

№2 хаттамасы

Қатысқаны: 8

01.09.2022ж

Қатыспағаны:0

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылы бірлестік жоспарын қарастыру, талқылау;
2. Жылдық, күнтізбелік, факультативтік, бейіндік және таңдау курстары, ТЖБ, БЖБ жоспарларын талқылау;
3. 11- сыныптардағы жаңа бағдарламаны талдау. 11- сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан және ҰБТ-ға, 9 сынып оқушыларының ББМЖ-на дайындық жоспарын құру;
4. 05 қыркүйек – ҚР Тілдер мерекесіне орай іс- шаралар ұйымдастыру.«Тілдер күні мерекесі» іс-шарасын өткізуді жоспарлау.
5. Пән мұғалімдерімен ӘНХ-ты және КТП, ҚМЖ үлгісін талқылау.
6. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын жасау.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау.

Тыңдалды:

1. 2022-2023оқу жылындағы бірлестік жоспарын таныстырып, отырыстардағы қаралатын мәселелер, жоспарланған іс шаралар талқыланды.
2. Күнтізбелік жоспарда 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат пен №130, №472 бұйрықты басшылыққа алу керектігі айтылды. **БЖБ** қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша әр тоқсанда екі рет, **ТЖБ** қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр тоқсанда бір рет алынатыны түсіндірілді. Мектеп компонентіндегі курс тақырыптары белгіленіп, жоспарлары талқыланды.
3. Әдістемелік бірлестік жетекшісі Ф.К.Керимбекова 2021-2022 оқу жылындағы ӘБ жұмысына талдау жасап, 2022-2023 оқу жылында 11-сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан және ҰБТ-ға, 9-сынып оқушыларының ББМЖ –на дайындық жоспары талқыланды. 11«А» сынып оқушылары сынама тестке қатысып 9,8 көрсеткішін көрсетті.

4. «Тілдер күні мерекесі» іс-шарасында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері 5-11-сыныптар арасында «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында эссенің ұйымдастыру ережесімен танысты.
5. 2022-2023 оқу жылында №472 (382) бұйрықты басшылыққа ала отырып, қысқа мерзімді жоспар жазу керектігі түсіндірілді.
6. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары негізінде, әр оқушының жұмыстары сараланып жеке жұмыстар жүргізілді.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлары тексерілді. Педагогикалық жағынан назардан тыс қалған балалармен сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта зейін мен ырықты, есте сақтауға байланысты жұмыстар жүргізілді. Балалардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Сөйлегендер:

Ж. Смаилова - қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі: Жоғарыда айтылған нұсқауларды басшылыққа алып жұмыс жүргіземіз. Әдістемелік бірлестік пен КТЖ, элективті, вариативті курс жоспарлары жақсы жоспарларған.

Шешімі:

1. 2022-2023 ж. оқу жылының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сағат жүктемелері хабарланып, әдістемелік бірлестік жоспары бекітілсін.
2. ҚР Білім Министрлігінің 2022-2023 ж. әдістемелік нұсқау хаты мен №130 бұйрықты басшылыққа алу әр мұғалімнен талап етілсін.
3. КТЖ, Мектеп компонентіндегі курстардың жылдық жоспарлары бекітілсін.
4. «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыбында эссенің ұйымдастырылуын қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.
5. Әр сабақ бойынша №472 бұйрықты басшылыққа ала отырып, ҚМЖ жазу мұғалімдерге міндеттелсін. 2022-2023 оқу жылында №472 (382) бұйрықты басшылыққа ала отырып, қысқа мерзімді жоспар жазу керектігі түсіндірілді.
6. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарлары бекітілсін.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлары тексеріліп, оқушылардың артта қалуы мен нашар оқуын болдырмау және білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің сағат жүктемесі хабарланып келісілді.

Бастауыш сыныптар							
№	Мұғалімнің аты-жөні	Сынып	Сыныптар	Үйде оқыт	жүктеме сағаты	Жалпы жүктеме	қолы

		жете кші		у		есі	
1	Алибекова А.С.		3 б,в,г\ 2г,д		15		
2	Пияева Н.Д.		4 б,г,д		12		
3							
4							

І ауысым							
№	Мұғалімнің аты- жөні	Сын ып жете кші	Сыныптар	Үйде оқыту	жүктем е сағаты	Жалпы жүктем есі	қолы
1	Керимбекова Ф.К.	5 а	5 а,ә,ғ \ 9а,ә\10 а, ә		31		
2	Смаилова Ж.Е.	8 а	5 и \ 8 а,ә,б,в \ 11 а,б		30		
3	Тажибаева А.П.	6 ғ	6 а,ә,ғ,и,в,г		28		
4	Қалдарбек Ә.Б.	8 г	5 г \ 7 а,ә,е \ 8 г		24		
5	Тасболат Б.Е.	-	7 б,в,г \ 9б,в		20		
6	Күзембаева Ә.И.	5 е	5,б,в,д \ 6 ж		21		
7	Алибекова А.С.		6е		5		

Инклюзивті оқыту						
№	Мұғалімнің аты- жөні	Сынып жетекші	Сыныптар	жүктеме сағаты	Жалпы жүкте месі	Қолы
1.	Смайлова Ж.Е	Аман Ж.Ә.	8 Ә	5	5	
		Аликенова Г.Г	8 Б	4	4	
		Тулебаева М.К	11 Б	4	4	
2.	Тажибаева А.П	Ильяев С.С	6 В	4	4	
		Туребаева Н.Р	6 Г	4	4	

3.	Алибекова А.С	Пашкина Н.М	3 Б	3	3	
		Алтаева Ф.Е	3 Г	3	3	
		Метелева Ю.Г	2 Д	3	3	
		Мамадиярова А.Е.	2 Г	3	3	
4	Акимбаева Н.А.	Тюлегенова И.О.	7 Е	5	5	
5	Тасболат Б.Е.	Орабай Н.	9В	4	4	
		Қамбарбекова А.А	7В	4	4	

Бірлестік жетекшісі: Ф.К. Керимбекова

Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні
әдістемелік бірлестігінің отырысы

№3 хаттамасы

Қатысқаны: 8
Қатыспағаны:0

01.10.2022ж

Күн тәртібі:

1. Бірлестіктегі пән мұғалімдерін аттестаттауға ұсыну. Квалификациялық тесттен өтетін мұғалімдерді ережемен таныстыру;
2. Олимпиадаға дайындық, білім сапасын көтеру жұмыстары
3. Пән апталығының өту кезеңін жоспарлау.
4. Мұхтар Әуезовтің туғанына - 125 жыл толу мерейтойына «Тіл білгірлері» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында эссе жазуды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

Аттестациядан өтетін мұғалімдер ережемен танысты. Биылғы оқу жылындағы олимпиадаға дайындықты жүргізу туралы айтылды.

Олимпиадаға дайындық, білім сапасын көтеру жұмыстарының жоспары талқыланды. 9-11 сынып оқушыларымен дайындық жұмыстарын күшейту туралы айтылып, Ф.Керимбекова жұмыс жоспарымен таныстырды.

Қазақ тілі мен әдебиеті жоспары талқыланып, 2-11 сынып оқушыларының апталыққа қатысуын әр сынып бойынша пән мұғалімдеріне жүктелді.

Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толу мерейтойына «Тіл білімінің атасы» тақырыбында 10-11-сынып оқушылары арасында эссе жазуды ұйымдастыруға байланысты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері сөз сөйледі.

Сөйлегендер:

Ә. Б.Қалдарбек - қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі: Жоғарыда айтылған нұсқауларды басшылыққа алып жұмыс жүргіземіз. Сондай-ақ, бірлестік жетекшісі Ф.Керимбекова А.Тажиева мен А.Алибекованың «Мұғалімдер күні» мерекесіне ұйымдастырылған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерейтойына орай қашықтықтан ұйымдастырылған «Құрметті ұстаз» республикалық байқауына қатысатындығын мәлімдеді.

Шешімі:

1. Бірлестіктегі пән мұғалімдері аттестаттауға ұсынылып, квалификациялық тесттен өтетін мұғалімдер ережемен таныстырылсын;
2. Олимпиадаға дайындық, білім сапасын көтеру жұмыстары күшейтілсін.
3. Пән апталық жоспары бекітіліп, іс-шаралар ұйымдастырылсын.
4. Мұхтар Әуезовтің туғанына - 125 жыл толу мерейтойына орай «Тіл білгірлері» тақырыбында 10-11 сынып оқушылары арасында эссе жазуды ұйымдастыруды жүзеге асыру Ж.Смайловаға жүктелсін.

Бірлестік жетекшісі: Ф.К. Керимбекова

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік

бірлестігінің отырысы

№4 хаттамасы

Қатысқаны:8

01.11.2022

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдерді анықтап, жұмысына талдау жасау. Мұғалімдердің портфолиосы.
2. Жазу дәптерлері мен оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасыны мән беріп отыру.
3. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау.

Тыңдалды:

1. Шығармашылық жұмыспен айналысатын мұғалімдер анықталып, жұмысына талдау жасалынды. Мұғалімдердің портфолиосы талапқа сай болу керектігі баса назарға алынатындығы ескертілді.
2. Жазу дәптерлері мен оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасы талданды.
3. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері талданды. **БЖБ** қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша әр тоқсанда екі рет, **ТЖБ** қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр тоқсанда бір рет алынды. Тоқсандық жиынтық бағалауға модерация өткізу бойынша отырыстың хаттамасы түзілді.

Шешімі:

1. Шығармашылық жұмыспен айналысатын ұстаздардың дайындық жоспары және жеке портфолиосы мұғалімнен талап етілсін.
2. Жазу дәптерлері мен оқулықтарға, шығармашылық жұмыстарға, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жоспары бекітілсін.
3. Қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау мұғалімдерге міндеттелсін.

Бірлестік жетекшісі:

Ф.К. Керимбекова

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік

бірлестігінің кезектен тыс отырысы

№5 хаттамасы

05.12.2022 ж.

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы оқу бағдарламасының орындалуы .
2. Пән мұғалімдерінің дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен атқарылған жұмыстары.
5. Ұстаздардың әдептілік этикеті мен сабақ өтілу барысы туралы.

Тыңдалды:

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі Керимбекова Ф.К. өз сөзінде оқу бағдарламасының орындалуы және БЖБ, ТЖБ тапсырмаларының өтілген тақырыптарға сай құрылып, жіті бақылауға алыну қажеттілігін атап өтті.

Пән мұғалімдері дарынды оқушылармен жоспар бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Нәтижесінде мектепішілік олимпиададан орын алып, аудандық кезеңге өткен оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілуде.

Атап айтсақ:

10 «Б» сынып оқушысы – Таласбай Мейірім

11 «А» сынып оқушысы – Мырзакулова Аделя

11 «Б» сынып оқушысы – Дулатова Аида

Үлгерімі төмен оқушылармен де қосымша жұмыс жүргізілуде. Сыныптан тыс тапсырмалар беріліп, оқушылардың қызығушылығы артуда.

Келесі кезекте Ф.Керимбекова «**Ұстаз – ұлы тұлға**» тақырыбында шағын баяндама жасады. Баяндама жасау барысында ұстаздардың сырт келбеті, сөйлеу әдебі, мұғалім этикеті мен сабақ өтілу барысында ұялы телефон қолданбау, т.б. мәселелерге тоқталып өтті және сабақтарда телефон қолданбау қажеттігін қатаң ескертті. Ұстаздардың әрбір сөйлеген сөзі құндылықтарды оқушы бойына қалыптастыра білетін қарым-қатынасқа құрылатынын, ал іс-әрекетіміз әдептілікті насихаттайтынын ұмытпауымыз керек деді.

Осы мақсатта ұстаздарға сабақ кезінде телефон ұстауға болмайтындығы, электронды күнделікке бағаны сабақтан кейін қою керектігі және де электронды күнделікке қысқа мерзімді сабақ жоспары уақытылы іліну

керектігі, БЖБ мен ТЖБ бағалары жазылған күннен кейінгі үш күн аралығында қойылу қажеттігі айтылды.

Шешімі:

1. Оқу бағдарламасына сай БЖБ, ТЖБ жұмыстары өз мерзімінде алынсын.
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жандандырылсын.
3. Ұстаздар сабақ барысында ұялы телефонды қолдануға тыйым салынсын.
4. Электронды күнделікке қысқа мерзімді жоспар уақытылы ілінбеген жағдайда мұғалімге шара қолданылсын.

ӨБ жетекшісі:

Ф.Керимбекова.

«Болашақ» мектеп мекемесінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік
бірлестігінің отырысының
№6 хаттамасы

31.03.2023 ж.

Қатысқандар: 7
Қатыспағандар: 0

1. Педкеңес қаулысының шешімімен таныстыру. Бірлестік жетекшісі Керимбекова Ф.К.
2. III-тоқсанның оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын талқылау.
3. 11 сынып білім алушыларының ҰБТ нәтижелерін талдау. Смаилова Ж.Е
4. Мұғалімдердің *Күнделік.кз* қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі.
5. 3,8-сынып оқушыларының аттестациялануы туралы.

Тыңдалды:

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі Керимбекова Ф.К. бірінші мәселе бойынша сөз алып, мұғалімдерді III-тоқсанның оқу-тәрбие қорытындысымен таныстырды. Алдыңғы тоқсандардан пайызы төмен болған сыныптарды жіті бақылауға алыну қажеттілігін атап өтті. Әрбір сыныптың жұмыс кестесіне сай күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сабақ өту барысында оқушыларға тапсырмаларды түрлендіру және білім деңгейлерін көтеру мақсатында тапсырмаларды түрлендіріп қолдану туралы ерекше атап өтті.

Екінші мәселе бойынша Смаилова Ж.Е. ҰБТ нәтижесімен таныстырды. 11 «А» сынып оқушыларының оқу сауаттылық деңгейі 10,95 пайызды құрады. Дайындықты үзбей, ары қарай осы қарқында жұмыс жасауы қажеттілігі айтылып өтілді. 11 «Б» сынып оқушылары нәтижелерімен таныстырылып, қателікпен қосымша жұмыс жасалуы керектігі айқындалды.

№	Оқушының аты-жөні:	Оқу сауаттылығы
1	Абай Елзат	14
2	Абдали Тахмина	11
3	Абдраманова Акнұр	13
4	Абдуллаев Диас	11
5	Адилова Бірғаным	8
6	Анарбек Сұлтан	12

7	Арысбай Нұрислам	6
8	Бекдаир Диар	9
9	Бектай Меруерт	12
10	Есенгелдиев Даниал	14
11	Жүсіп Мардан	13
12	Маккам Сұңқар	5
13	Махамбет Әлижан	10
14	Мейрбек Сержан	14
15	Муталбек Ернияз	11
16	Нәдір Бексұлтан	13
17	Ордабек Санжар	12
18	Султанбек Максат	7
19	Темірхан Ақмарал	15
20	Шанракшиева Мерей	9
21	Күмісбек Гүлдана	14
22	Ермекбай Алтынбек	13



Күнделік.кз қосымшасына күнделікті ҚМЖ жүктеуі мұғалімдерге өз уақытында міндеттелінді. Күнделікті жүктелмеген жағдайда шара қолданылатыны ескертілді.

Келесі кезекте, 3-сынып пен 8- сынып оқушылары тест жұмыстарына дайындық барысында арнайы түзілген сабақ кестесі бойынша жұмыс жүргізілу қажеттігі сөз етілді Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында қосымша сабақтар жүргізілуі оқушылардың білім деңгейін көтеруге көптеп септігін тигізетіні анық.

ӘБ жетекшісі Ф.Керімбекова сәуір айының 03.04-07.04.23ж. аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы басталатынын, апталықта қандай ашық сабақтар мен іс-шаралар жүргізу керектігі туралы ойды ортаға салды. Өзі түзіп келген жоспармен таныстырды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері бір ауыздан қолдау білдіріп, өздері өтетін ашық сабақ тақырыптарын ұсынды. Бірлесе отырып, бес арысымыздың бірі Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдық мерей тойын атап өтуге жоспар әзірледі.

Осы апталық барысында Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Түркі әлемінің жазушылар одағының мүшесі Қазақстан журналистер одағының мүшесі ақын жазушы журналист «Тұран бірлігі» журналының хатшысы Нышанәлі Ниязбек Мұсаұлы мен Түркі әлемінің жазушылар одағының мүшесі ақын, қаламгер. «Жастардың уақытын тиімді ұйымдастыру» орталығы «Жас қаламгерлер» ақындар клубының ұстазы Мұхтар Марғұба ақынымызды шақырып оқушылармен кездесу ұйымдастыруды да жоспарға қойды.

Шешімі:

1. Білім сапасы төмен болған сыныптар бақылауға алынсын.
2. 11-сынып оқушыларымен жұмыс жандандырылсын.
3. Күнделік.кз ҚМЖ күнделікті жүктелінсін.
4. 3-сынып пен 8- сынып оқушылары тест жұмыстарына әзірлену кестесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
5. 03.04-07.04.23 аралығында өткізілетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығына жоспар түзіліп, бекітілсін.
6. Ақын-жазушылармен кездесу ұйымдастырылсын.

ӘБ жетекшісі:

Ф.Керімбекова.

«Болашақ» мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдістемелік

бірлестігінің отырысы

№7 хаттамасы

30.05.23

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. БЖБ, ТЖБ жұмыстарының мазмұны мен сапасына мән беріп, жиынтық бағалау нәтижелерін талдау.
2. ІҮ тоқсанның және жылдық жұмыстарының қорытындысын талқылау.
3. Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының материалдарын дайындау, қорытынды аттастаттау критериілерімен танысу.
4. Осы оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасау және жаңа 2023-2024 оқу жылының жүктемесін жоспарлау.

Тыңдалды:

Жылдық жұмыс жоспарына сай, бірлестік мұғалімдері өзара ТЖБ мен БЖБ жұмыстарының қорытындысын тиімді үйлестіру мақсатында пікір алмасып, бағалау нәтижелерін талдады. Тапсырмалар барысында білім алушыларға туындаған қиындықтар тізбесі анықталып, жою олқылықтарды және түзету жұмыстары тапсырылды.

Әдістеме бірлестігінің жетекшісі Керимбекова Ф.К. екінші мәселе бойынша сөз алып, мұғалімдерді ІҮ тоқсанның қорытындысымен таныстырды. Әрбір мұғалімнің, сынып жетекшілердің жылдық қорытынды есебімен танысып, өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Өз кезегінде Смаилова Ж.Е. негізгі және таңдау пәніне оқушыларды емтиханға тыңғылықты дайындау мақсатын айқындап, сыныптан-сыныпқа көшіру жұмыстары туралы ойымен бөлісті. Сонымен қатар, бірлестік жетекшісі

Керимбекова Ф.К 9, 11- сыныптардың қорытынды мемлекеттік емтиханы туралы қосымша мағлұматтармен ақпараттандырды.

Осы оқу жылындағы бірлестіктің атқарған жұмысына талдау жасалды және жаңа 2023-2024 оқу жылының жүктемесі жоспарланды.

Шешімі:

1. Хаттамалар түзіліп, БЖБ, ТЖБ жұмыстары, жиынтық бағалау нәтижелері Күнделік.кз қойылсын.
- 2.ІҮ тоқсанның оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бекітілсін.
3. Мемлекеттік және сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандарының материалдары дайындалып, емтихан нәтижелері мен хаттамалары түзіліп, өз уақытында өткізілсін.
4. 2023-2024 оқу жылының жүктемесі жоспары жүзеге асырылып, артық сағаттар вакантқа берілсін.

ӘБ жетекшісі:

Ф.К. Керимбекова.